


Біріншісі – бастапқы шикізаттың сапасын және гуматтарды дайындау технологиясын жақсарту. Бұл құрамында 90% гумин қышқылы бар көмірді қолдану. Осы бағытта инертті фракцияларды жойып келесі декантатты кептіру арқылы байыту. Осылайша құрамында 60-70% гумат болатын толығымен еритін өнім алынады.

Екінші бағыт жоғарыда айтылып кеткен гуматты басқа реагенттермен бірге қолдану.

Үшінші бағытта гуматты химиялық түрлендіру, оның құраын өзгерті және жаңа функционалды топтарды енгізу. Түрлендірудің негізгі мақсаты – коагуляциялық тұрақтылықты арттыру, сол арқылы реагентті агрессивті ортада қолдану аймағын арттыру, ыдырату қасиетін жоғарылату, әсіресе жоғары температурада, сонымен бірге гуматтардың міндеттерін жақсарту.

Түрлендірудің бірнеше жолдары ұсынылған. Оның көбісі тотықтандыру арқылы әсер етуге негізделген, жеке немесе жаңа функционалды топтарды енгізу арқылы, мысалы нитрогуматты немесе сульфонитрат гуматты өнім алу кезінде азот қышқылымен немесе азотты қышқыл мен натрий бисульфидімен әсер ету. Алайда реагент сапасының жақсаруы оған кететін шығындарды толық ақтай алмайды.



Сурет 19 – 1 мас.% КСР мөлшерінің бентонитті 7 мас. % сулы сазды суспензияның шартты тұтқырлығымен байланысы

Вискозиметр арқылы жаңадан жасалған сулы-сазды суспензиялардың және 24 сағ. ұстағаннан кейінгі суспензиялардың шартты тұтқырлықтары анықталған. Өлшеулердің нәтижесі 19-шы суретте көрсетілген. Графиктен көріп отырғанымыздай суспензияға КСР концентрациясын қосқан сайын оның шартты тұтқырлығы баяу төмендей бастайтындығы анықталды. Жаңа жасалған суспензияға 1 мас.% КСР енгізгенде, шартты тұтқырлық 12,59-дан